

2006 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Еңбекші-мигранттар - Тәжікстан Республикасының аумағында уақытша жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметі мен құқықтарын қорғау туралы, еңбекші-миранттар - Қазақстан Республикасының аумағында уақытша жұмыс істейтін Тәжікстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметі мен құқықтарын қорғау туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 6 қарашадағы № 1166 қаулысы

### БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2006 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Еңбекші-миранттар - Тәжікстан Республикасының аумағында уақытша жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметі мен құқықтарын қорғау туралы, еңбекші-миранттар - Қазақстан Республикасының аумағында уақытша жұмыс істейтін Тәжікстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметі мен құқықтарын қорғау туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманың жобасы макұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Ерлан Әбілфайызыұлы Ыдырысовқа 2006 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Еңбекші-миранттар - Тәжікстан Республикасының аумағында уақытша жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметі мен құқықтарын қорғау туралы, еңбекші-миранттар - Қазақстан Республикасының аумағында уақытша жұмыс істейтін Тәжікстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметі мен құқықтарын қорғау туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға

ө к і л е т т і к

б е р і л с і н .

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.09.2015 № 763 қаулысымен ( алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі ).

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «2006 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Еңбекші-миранттар - Тәжікстан Республикасының аумағында уақытша жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметі мен құқықтарын қорғау туралы және

еңбекші-мигранттар - Қазақстан Республикасының аумағында уақытша жұмыс істейтін Тәжікстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметі мен құқықтарын қорғау туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 8 қарашадағы № 1030 қаулысы;

2) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 8 қарашадағы № 1030 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 16 наурыздады № 204 қаулысы.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министр</i> Қазақстан Үкіметінің 2013 №	<i>Қазақстан Республикасы</i> жылғы 6 қаулысымен	<i>Республикасының С. Ахметов</i>	<i>қарашадағы</i>
мақұлданған			
жоба			

**2006 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен  
Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Еңбекші-миранттар  
- Тәжікстан Республикасының аумағында уақытша жұмыс істейтін  
Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметі мен  
құқықтарын қорғау туралы, еңбекші-миранттар - Қазақстан  
Республикасының аумағында уақытша жұмыс істейтін Тәжікстан  
Республикасы азаматтарының еңбек қызметі мен құқықтарын  
қорғау туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы  
хаттама**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен  
Тәжікстан Республикасының Үкіметі,  
екі ел халықтарының тарихи дәстүрлі достық байланыстар мен тату көршілік  
қатынастарды сақтауға және нығайтуға ұмтылышын негізге ала отырып,  
екі мемлекеттің де азаматтарының Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан  
Республикасының аумақтарында еңбек қызметін жүзеге асыру, екі мемлекет  
арасындағы стратегиялық әріптестік пен одақтастықтың жан-жақты қатынастарын  
дамыту және терендешту үшін оларға қолайлы жағдайлар жасауға ниет білдіре отырып,  
екі мемлекет арасындағы экономикалық байланыстарды нығайтуға және дамытуға  
өзара ұмтылышты басшылыққа ала отырып,  
Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін

Еңбекші-мигранттарға оңайлатылған тәртіп ұсыну мақсатында, төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

2006 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Еңбекші-мигранттар - Тәжікстан Республикасының аумағында уақытша жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметі мен құқықтарын қорғау туралы, Еңбекші-мигранттар - Қазақстан Республикасының аумағында уақытша жұмыс істейтін Тәжікстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметі мен құқықтарын қорғау туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 15-бабына сәйкес мынадай өзгеріс енгізілсін:

4 - бап мынадай редакцияда жазылсын:  
« 4 - б а п

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру үшін Тараптар: Қазақстан Республикасынан - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігін және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігін;

Тәжікстан Республикасынан - Тәжікстан Республикасы Еңбек, көші-қон және халықты жұмыспен қамту министрлігін уәкілетті органдар етіп тағайындаиды.

Тараптардың уәкілетті органдары жыл сайын Еңбекші-мигранттардың саны мен кәсіптік құрамы туралы деректер алмасуды жүзеге асырады.

Уәкілетті органдардың атаулары өзгерген кезде Тараптар бұл туралы дипломатиялық арналар арқылы бірін-бірі дереу хабардар етеді.

Уәкілетті органдардың осы Келісімге байланысты мәселелерді шешу үшін Тараптардың өзге де құзыретті органдарын тартуға құқығы бар.

Тәжікстан Республикасының Үкіметі қажет болған кезде осы Келісім нормаларының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Тәжікстан Республикасы елшілігінің жанынан уәкілетті органның өкілдігін құра алады.».

**Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - КР Үкіметінің 10.09.2015 № 763 қаулысымен (алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## 2-бап

Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және қажетті мемлекетішлік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама Келісімнің қолданысы кезеңінде күшінде болады.

2015 жылғы «\_\_» қаласында әрқайсысы қазақ, тәжік және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 10.09.2015 № 763 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының  
Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК